

**2 - СЕКЦИЯ**

**ТАБИҒИ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ЖӘНЕ НӘЗІК ОРГАНИКАЛЫҚ СИНТЕЗДІҢ  
ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**ХИМИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРИРОДНЫХ СОЕДИНЕНИЙ И ТОНКОГО  
ОРГАНИЧЕСКОГО СИНТЕЗА**

**РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ СХЕМЫ СИНТЕЗА  
2,5-ДИМЕТИЛПИПЕРИДИН-4-ОНА**

**Абдрахманов М.Б., Ермекова М.М.**

**Научный руководитель: д.х.н., проф. Турмуханова М.Ж.**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

*[murager.abdrahmanov@mail.ru](mailto:murager.abdrahmanov@mail.ru)*

В настоящее время на повестке дня стоит актуальная проблема разработки новых промышленно доступных способов получения продуктов тонкого органического синтеза пиперидинового ряда - ключевых соединений в производстве отечественных жизненно важных лекарственных средств и химических средств защиты растений, создание на их основе современных технологий производства. На основе 2,5-диметилпиперидин-4-она на кафедре органической химии КазНУ им. аль-Фараби разработан оригинальный препарат Рихлокайн (гидрохлорид бензойного эфира N-аллил-2,5-диметилпиперидола-4, рацемат), обладающий широким спектром фармакологической активности. Препарат отнесен М.Д. Машковским как один из перспективных новых препаратов анестезирующего действия.

Представляло интерес разработка способа получения бензоата N-аллил-2,5-диметилпиперидола-4 в виде оптически активного L-изомера. Освоение технологии синтеза левовращающего изомера Рихлокайна позволяет повысить эффективность препарата минимум как в 2 раза и снизить возможные побочные реакции.

В настоящей работе предложены результаты по разработке новых и оптимизации известных методов синтеза 2,5-диметил- и N-замещенных 2,5-диметилпиперидин-4-онов из ацетоуксусного эфира с изучением общих закономерностей селективного восстановления олефиновой связи промежуточных енаминоэфиров, каталитического нуклеофильного присоединения аминов по кратной связи эфиров пространственно затрудненных  $\alpha$ ,  $\beta$ -непредельных карбоновых кислот, циклизации аминодиэфиров в 2,5-диметил- и N-замещенные 2,5-диметилпиперидин-4-оны, экспериментальное обоснование основных параметров процессов.

Был предложен новый способ деметилирования 1,2,5-триметилпиперидин-4-она путем перевода его в кватернид и последующим взаимодействием с амиаком, используемый в качестве обменивающего агента.

Были проведены исследования в области биоферментативного восстановления рацемического 2,5-диметилпиперидона-4. Путем качественного и количественного анализов была показана возможность микроорганизмов, выделенных из почв, загрязненных нефтяными отходами и отнесенных к родам *Pseudomonas* *Bacillus*, восстанавливать 2,5-диметилпиперидон-4 до 2,5-диметилпиперидола-4.

**ЖАЛПАҚТОСТАҒАНША ШӨЛМАСАҚ ӨСІМДІГІНІЦ ЖЕР АСТЫ  
БӨЛІГІНІЦ ЕРЕМОСТАХЫС MOLLUCCELLOIDES ХИМИЯЛЫҚ  
ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ**

**Әлімхан М.Б. Омарова А.Т.**

**Ғылыми жетекшісі: х.ғ.х., Ph.D Женіс Ж.**

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
[maral.alimhan@mail.ru](mailto:maral.alimhan@mail.ru)*

Қазақстан флорасының әр алуан және бай өсімдік шикізатынан биологиялық белсенді кешенді заттарды іздестіру, жаңа дәрілік заттар алу.

Жалпақтостағанша шөлмасақ *eremostachys molluccelloides* –еріндігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 10-120 см, сабағы тік, түкті, кейде түгі қалың болады. Түйнек тамырлы. Жапырақтары қауырсын ойықты, тілікті немесе бұтін. Ғұлдері қанық сары, ақшылдау, қошқыл күлгін түсті, олар күлтебас немесе масақ гүлшоғырын құрайды. Тостағанша жапырақшалары тұтікқоңырауша немесе шанақ тәрізді, 5 тісті.

*Eremostachys molluccelloides* өсімдігінің – ылғалдылығы -9,65%, күлділігі - 15%, шикізаттың экспрессивті заттардың құрамы – 70% спиртте -29,99%, 50% спиртте - 26,78%, 30% спиртте - 24,79%, органикалық қышқылдар – 0,26%, флавоноидтар – 3,25%, алкалоидтар - 5,76%, кумариндер – 0,24%, полисахаридтер – 9,02%, тері илегіш заттар – 0,28%.

Жалпақтостағанша шөлмасақ өсімдігінің жер асты бөлігінің *eremostachys molluccelloides* түріне сандық сараптау жүргізу нәтижесінде амин қышқылдары: аланин 944мг/100гр, глицин 368мг/100гр, серин 385мг/100гр, глютомат 2744мг/100гр, аспаратат 1294мг/100гр, гистидин 304мг/100гр және май қышқылдары: олеин - 55,2%, линол - 27,6%, пальмитин - 9,1% пентагексан - 1,1%, стеарин қышқылы - 0,8%, линолен қышқылы - 0,4% көп екені анықталды.

Макро-микро анализі жасалынды, элементтер мг/мл Cu 0.8010, Zn 3.1483, Cd 0.0320, Pb 0.2529, Fe 21.2450, Ni 1.7318, Mn 0.6007, K 268.7250, Na 25.3250, Mg 48.50, Ca 550.580 бар екендігі анықталды.

ГХ-МС (GC-MS, газ хроматографиясы және масс-спектрокопиясы) анализі бойынша *eremostachys molluccelloides* өсімдігінің жерасты бөлігінің гександы және хлороформды экстракттарынан жалпы 14 қосылыс анықталды. 1. 2-Hexenoic acid, 2-hexenyl ester, (E,E)- 2.1H-Inden-1-one, 2,3-dihydro-5,6-dimethoxy-3-methyl- 3.1,4-Dimethoxy-2-methyl-5-(prop-1-en-2-yl)benzene- 4.3,4-Dihydro-5,6,7-trimethoxy-2-naphthoic acid 5. белгісіз зат 6. белгісіз зат 7.Hexamdecane, 7-methyl- 8.Di-n-decylsulfone 9. белгісіз зат 10.Octasiloxane, 1,1,3,3,5,5,7,7,9,9,11,11,13,13,15,15-hexadecamethyl- 11.3-Quinolinecarboxylic acid, 6,8-difluoro-4-hydroxy-, ethyl ester 12.9.trans-3-Ethoxy-b-methyl-b-nitrostyrene 13.Octasiloxane, 1,1,3,3,5,5,7,7,9,9,11,11,13,13,15,15-hexadecamethyl- 14.Benzenepropanoic acid, 3,5-bis(1,1-dimethylethyl)-4-hydroxy-, octadecyl ester 53.

«Фараби Әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық конференциясы

**АТҚҰЛАҚ (*RUMEX CONFERTUS WIILD*) ӨСІМДІГІНЕҢ  
АЛЫНҒАН ҚҰРҒАҚ ЭКСТРАКТИ НА САРАПТАУ**

Апредбекқызы Р., Жұмағазиева Ш.

Ғылыми жетекшілер: х.ғ.к. Литвиненко Ю.А.,

х.ғ.д., проф. Бурашева Г.Ш.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы

Қазақстан Республикасы

[raushan\\_94@inbox.ru](mailto:raushan_94@inbox.ru)

Қарақұмық тұқымдасына жататын Атқұлақ (*Rumex confertus Willd*) өсімдігінің әлемдік флорада 150 түрі кездеседі, оның 49 түрі КСРО-да тіркелген және 23 түрі Қазақстанда өседі. Өсімдіктің жер үсті бөлігін өңдеу қолайлы және экономикалық тұрғыдан тиімдірек болғандықтан, Атқұлақтың жер үсті бөлігеннен алынған заттар нәтижелі қорсеткіштер береді.

Биологиялық белсенді қосылыстардың көзі ретінде Қарақұмық (*Polygonaceae*) тұқымы, оның ішінде Атқұлақ (*Rumex confertus Willd*) өсімдігі қызығушылық танытады. Себебі біздің кафедраның профессоры Р.А.Музычкінаның көпжылдық зерттеу нәтижесінде Атқұлақтың бір түрінен псориаз ауруына қарсы препарат алынған, оның негізгі әсер етуші заты антрахинондар. Ол кісінің басқаруындағы зерттеулер, тек Оңтүстік Қазақстан облысында өсетін Атқұлақ өсімдігімен байланысты болатын.

Біздің жұмысымыздың жаңалығы, алғаш рет Батыс Қазықстанда өсетін Атқұлақтың биологиялық белсенді заттар құрамын анықтап, бұрынғы мәліметтермен салыстырып, ерекшелігін қарастыру. Зерттеуміздің басында шикізаттың шынайлығын анықтау қажет, сондықтан салыстырмалы сараптама нәтижесі бойынша Батыс Қазақстандағы Атқұлақ (*Rumex confertus Willd*) өсімдігінде жоғарғы мөлшерде сульфатты құл бар екені анықталды. Сонымен қатар ҚР Фармакопеясына байланысты, Алматы және Батыс Қазақстан облысында өсетін Атқұлақ өсімдігінде ылғалдылық (6.66-7.21%), қулділік (12.86-18.8%), тұз қышқылында ерімейтін құл (1.8-0.5%), сульфатты құл (12.36-41.5%) осы аралықтарды қамтыды. Осы зерттеуді жүргізу үшін біз шикізаттан құрғақ экстракт алдық. Биологиялық белсенді класстарға сапалық және сандық сараптау жүргізіліп, Оңтүстік Қазақстанда өсетін Атқұлақ нәтижелерімен салыстырылды: бос органикалық қышқылдар (БҚ-4,60%; ОҚ- 1,63%), аминқышқылдар (БҚ-5.56%; ОҚ- 6.43%), кумариндер (БҚ-0,72%; ОҚ- 0,58%), көмірсулар (БҚ-0,21%; ОҚ- 5,52%), антрахинондар (БҚ-1,73%; ОҚ- 2,20%), каротиноидтар (БҚ-0,09%; ОҚ- 1,20%), алкалоидтар (БҚ-1,93%; ОҚ- 0,40%), флавоноидтар (БҚ-7,98%; ОҚ- 5,92%), тері илегіш заттар (БҚ-5.82%; ОҚ- 6,71%), сапониндер (БҚ-1,86%; ОҚ- 2,04%).

Сонымен, Батыс Қазақстанда өсетін Атқұлақ өсімдігінде бос органикалық қышқылдар, флавоноидтар, алкалоидтар мөлшері көп, ал тері илегіш заттар, сапониндер, кумариндер, каротиноидтар мөлшері бірдей екендігі анықталды. Зерттеу жалғасуда.

**LIMONIUM MILL КЛАСЫ ӨСІМДІГІНІҢ L. GMELINII ТҮРІНІҢ  
ЖЕРҮСТІ БӨЛІГІНЕҢ ТҮНДЫРЫНЫДЫ АЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ  
ОПТИМИЗАЦИЯСЫ**

Досымбетова А.К., Байбекова Э.К.

Ғылыми жетекші: х.ғ.д., проф. Жусупова Ф.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан  
[dossymbetovaa@gmail.com](mailto:dossymbetovaa@gmail.com)

Тұндырындылар – медицинаның көптеген саласында қолданылатын, қолданысқа тиімді ері ыңғайлы дәрілік формалар.

Бұл жұмыста біз *Plumbaginaceae* тұқымдасының *Limonium Mill* класының *L. gmelinii* түрінің жерүсті бөлігінен тұндырынды алу технологиясын жасаудың тиімді жағдайларын анықтадық: **1-этап.** Ең алдымен шикізаттың (*L. gmelinii* жерүсті бөлігі) сапалылығын анықтадық, сонда алынған нәтижелер бойынша ылғалдылығы-9,22%, жалпы күлділігі-14,9%, 10% HCl ерімейтін күл-0,76%, сульфатты күл-16,45%. **2-этап.** Экстрагент таңдау. Экстрагент ретінде - 30%, 50%, 70% және таза спирт қолданып, экстракция жүргізіп көрдік. Бұл этапта *L. gmelinii* жерүсті бөлігінен экстрагент ретінде 50% этанолды қолданғанда субстанцияның ең көп мөлшері бөлінді, сәйкесінше ері қарай тәжірибеде осы экстрагент пайдаланылды. **3-этап.** Таңдалған экстрагентті (50% этанол) қолдана отырып, ері қарай оның шикізатпен оптимальды қатынасын таңдадық. Субстанцияның және ондағы тері илегіш заттардың максималды мөлшері шикізат пен экстрагенттің қатынасы 1:8 болғанда байқалды. **4-этап.** Тұндырынды алуша ең тиімді экстракция уақытын анықтадық, барынша тиімдісі-24 сағат. Және де *L. gmelinii* жерүсті бөлігінен алынған тұндырындының химиялық зерттеуінде флавонолдар анықталды (мирицетин, кверцетин, изорамнетин, мирицетиннің монометил эфири), олардың гликозидтері (мирицитрин, рутин, 3-галактозилкверцетин және 3-галактозилмирицетин), фенол –пирогаллол. Биохимиялық әдіспен зерттеу арқылы тұндырындының жоғары антиоксидантты белсендерлік қасиеті анықталды. Сонымен қатар, алынған тұндырындыларға аминқышқылды және микро- макроэлементтік құрамына сандық баға берілді. Микро-макроэлементтік құрамы спектрлі анализдің атомды-адсорбционды әдісімен анықталды. Тұндырындыдағы элементтер құрамы: P-0,3%, Pb-0,0002%, Cu-0,012%, Ti-0,001%, Mg>1%, Si<10<sup>-4</sup>%, Cr-0,00075%. Тұндырындының аминқышқылдарын сапалық анықтау КХ, ал сандық анықтау ГХ әдісімен жүргіzlді. Осылайша, тұндырындыда барлық белгілі 20 α-аминқышқылдары бар екені анықталды. Олардың жалпы мөлшері-300,08 мг.

Жаңашылығы: жерүсті бөліктен алынған субстанцияны бағаналы хроматография әдісімен адсорбент-силикагель қолданып бөлдік. Бағананың элюиrлеуін сатылы түрде, алдымен гексанмен, сосын гексан-спирт жүйесімен, спирттің концентрациясын көтере отырып жүргіздік.

**“TAMARIX” ӨСІМДІК СУБСТАНЦИЯСЫНЫҢ ПОЛИМЕРЛІ  
ҮЛДІРЛІК ФОРМАЛАРЫН АЛУ**

**Екпүндінова А.Ж.**

**Ғылыми жетекшісі: х.ғ.д., доцент Жумагалиева Ш.Н.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*[yekpundyanova@mail.ru](mailto:yekpundyanova@mail.ru)*

Қазіргі уақытта медицина саласында тек синтетикалық дәрілер алу бағыты ғана емес, сонымен қатар табиғи, дәрілік қасиеті бар өсімдіктердің биологиялық белсенді кешенін полимерлі тасымалдағыштарға енгізу жолы да дамып келеді.

Бұл жұмыста жасанды полимер болып табылатын желатин мен поливинил спиртінің (ПВС) биологиялық активті кешен тасымалдау мүмкіндіктері қарастырылды. Биологиялық активті кешен ретінде антимикробтық, ісінуге қарсы, қан тоқтатушы қасиеттерге ие «Tamarix» өсімдігенен алған тамариксидин өсімдік субстанциясы алынды.

Зерттеу барысында алған үлдірлердің ісіну қабілеті (суда, физиологиялық ерітіндіде, pH мәндерінің үлкен аралығында (1-11)) қарастырылды. Нәтижесінде ПВС және желатин үлдірлерінің сулы ерітіндіге тамариксидин қосқанда ісіну дәрежесінің төмендейтіндігі және физиологиялық ерітіндіде полимердің сулы және тамариксидиннің жоғары концентрациялы ерітінділеріне қарағанда ісіну дәрежесінен төмендігі анықталды.

Полимерлі тасымалдағыштарға белсенді биологиялық кешенді енгізу барысында, тасымалдағыш және активті кешеннің байланысуы, яғни, полимердәрілік зат композициясының түзілуі және осындай композиция түзілуінің сандық көрсеткіштерін білудің маңызы үлкен. Сол себепті, зерттеу жұмысында активті субстанцияның сорбциялану қабілеті де қарастырылып, негұрлым полимер мөлшері артқан сайын, соғұрлым сорбциялану қабілетінің төмендейтіні анықталды. Бұл өз кезегінде үлдірдің тігілу дәрежесінің жоғарылауымен түсіндіріледі.

Желатин және поливинилспирті негізіндегі композицияларды биологиялық активті кешеннің тасымалдаушысы ретінде пайдалану барысында дәрілік бөліктің тасымалдаушыдан босап шығу факторы да маңызды. Осыған орай полимер мөлшерінің артуы да дәрілік зат молекулаларының бөлініп шығу дәрежесіне кері әсер ететіндігі көрсетілді.

Осыған орай, «Tamarix» өсімдігінен алған биологиялық активті кешеннің ПВС және желатин негізіндегі термо-, pH-сезімтал үлдірлері алғынып, олардың физика-химиялық қасиеттері анықталды. Табигатына қарай ПВС үлділери желатин үлдірлеріне қарағанда жоғары тұрақтылық көрсетті.

**БС-ПАҚ НЕГІЗІНДЕГІ БАЗ КРИОСОРБЕНТТЕРІН АЛУ ЖӘНЕ  
ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

**Есенгелді Ә.М., Есенгулова А.А., Ержанқызы Ж.**

**Ғылыми жетекші: х.ғ.к. Қайралапова Г.Ж.,**

**х.ғ.д., проф. Бейсебеков М.Қ.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы.*

*abi\_95@mail.ru*

Казіргі таңда қоршаған ортаға залалсыз, эффективті әрі экономикалық қол жетімді полимер алу мақсатында ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізуде. Осыған мысал ретінде табиғи бей органикалық полимер – бентонит сазы мен ионогенді полимерлер негізіндегі композициялық гельдердің синтезделуін жатқызуымызға болады. Олар ағын суларды тазартуда сорбент ретінде, медицинада препараттарды тасымалдағыш ретінде, ғылым, техника, ауыл шаруашылығының барлық саласында қолданыс тапқан. Соған орай бұл жұмыста ағын суларды беттік активті зат – цетилпиридиний бромидінің (ЦПБ) бентонит сазы мен полиакрил қышқылы (ПАҚ) негізіндегі композициялық гельдерімен әрекеттесу заңдылықтары және олардың физика-химиялық қасиеттері зерттелді.

ПАҚ негізіндегі криогельдерді синтездеу жұмыстары нәтижесінде криогель синтездеудің онтайды жағдайы ретінде -30°C және 24 сағат анықталды. Зерттеу негізгі нысандары болып радикалды полимерлеу реакциясымен ПАҚ негізіндегі криогельді алу үшін тігуші агент ретінде N,N'-метилен-бис-акриламид (МБАА), инициатор ретінде аммоний персульфаты (АПС) мен натрий метабисульфиті (НМБС), натрий гидроксиді және су қолданылды. Криогель синтезін ПАҚ және натрий гидроксидінің 1:1 қатынасында, бентонит сазының мөлшері 1%; 3%; 5% шамасында жүргізілді.

Криогельдердің тепе-теңдік ісіну дәрежесі мен сорбциялық қасиеттері зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша композиция құрамындағы бентонит сазының көбеюі ісінгіштіктің артуына алып келеді. Бұл композиция тығыздық мәндеріне сәйкес бентонит сазының қатпарлы болуына байланысты. Синтезделген композициялық гельдердің кеуектерінің көп болуы осыған байланысты деп пайымауда болады. Соған сәйкес ісінгіштіктің және сорбциялық қабілетінің артуын түсіндіруге болады. Сонымен қатар, синтезделген криокомпозиттің құрамындағы бентонит сазының көбеюі тығыздығының кемуіне әкеледі. Яғни кеуектілік тығыздыққа кері пропорционал деп қарастыратын болсақ, тығыздықтың кемуі кеуектіліктің жоғарылауына оң әсерін тигізеді.

Зерттеу барысында криогельдердің морфологиясы және құрылымы атомдық-күштік микроскоп, сандық оптикалық микроскоп Leica DM 6000M (Швейцария) және сканерлеуші электрондық микроскоп Hitachi S-4800 (Германия, Потсдам) құрылғыларымен зерттелді. СЭМ суреттері криогельдің кеуекті құрылымын анықтайды.

**ПОЛИАКРИЛ ҚЫШҚЫЛЫ – БЕНТОНИТ САЗЫ НЕГІЗІНДЕГІ  
КРИОГЕЛЬДЕР СИНТЕЗІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ  
ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Есенгулова А.А., Есенгелді Ә.М., Ержанқызы Ж.

Ғылыми жетекші: х.ғ.к. Қайралапова Г.Ж.,  
х.ғ.д., проф. Бейсебеков М.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
*abi\_95@mail.ru*

Криохимиялық синтез нәтижесінде алынған криогель - жоғары молекулалық қосылыстар химиясы мен технологиясында полимерлер мен мономерлердің ерітінділеріне төмен температурамен әсер ету нәтижесінде алынатын (мұздату мен еріту) өнім болып табылады. Әдетте, алынған өнімді әрі қарай сублимациялық кептіруге ұшыратады.

Криогельдердің артықшылығы: олар адамға және қоршаған ортаға зиянсыз, экологиялық қауіпсіз болып табылады; криогель "мұздату-еріту" циклына жиі ұшыраған сайын оның механикалық қасиеттері де жақсара түседі, беріктілігі, серпімділігі артады, қоршаған ортаның түрлі әсеріне, су, микроорганизм, ультракүлгін сәулесі, түрлі вибрацияларға тұрақты болып келеді.

Сонғы жылдары полимерлі композициялық материалдар (ПКМ) бағытындағы зерттеулер өндірістік ағын суларды тазалауда полимер-сазды композиттерді қолданудың маңызы арту үстінде. Әсіресе, қызығушылық тудыратын жаңа бағыттың бірі болып акрил қышқылы және бентонит сазы негізіндең криогельді синтездеу болып отыр.

Криогельдің негізгі құрамдас белігі - поликарил қышқылы - 10 %, акрил қышқылын натрий гидроксиді көмегімен нейтралдайды - 10%, инициатор ретінде 0,5 % аммоний персульфаты (АПС) мен 0,5 % натрий метабисульфиті (НМБС) алынады, тігуші агент ретінде қолданылатын N,N'-метилен-бис-акриламид (МБАА) - 1 % құрайды. Ал су жалпы массаның 78,5 % құрайды. ПАҚ-БС негізіндең криогельдерді синтездеу жұмыстарына оңтайлы жағдай ретінде -30°C және 24 сағат алынды және олардың физика-химиялық қасиеттері зерттелді.

Композициялық гельдердің құрылымы мен морфологиясы EDS – детекторы бар сканерлеуші электрондық микроскоп Quanta 3D 200i Dual system көмегімен, оптикалық микроскоп және Ntegra THERMA сканерлеуші зондты атомды-күштік микроскоппен криогельдің беттік қабаттары зерттелді. Сонымен қатар, гельдердің ісінгіштігі мен сорбциясы зерттелді.

Зерттеулер барысында алынған нәтижелер бойынша атомды-күштік микроскопта криогельдің беттік қабаттарының ерекшелігі анықталды. Ал сканерлеуші электрондық микроскоп пен оптикалық микроскопта синтезделген криогельдің кеуектерін анық байқай алдық. Криогелдің қорғасын және кадмий ерітіндісінде ісінуі бентонит сазы артқан сайын өсті.

**ПОКАЗАТЕЛИ ДОБРОКАЧЕСТВЕННОСТИ И МИНЕРАЛЬНЫЙ  
СОСТАВ ДЕВЯСИЛА БРИТАНСКОГО *INULA BRITANNICA***

**Камалиева Н.Н.**

**Научный руководитель: к.х.н., доцент Литвиненко Ю.А.**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби*

[assassin\\_lie@list.ru](mailto:assassin_lie@list.ru)

Из более ста видов растений рода *Inula* наиболее широко приобрел использование на территории СНГ в качестве растительного сырья Девясила высокий (*Inula helenium*), причем его применение разнообразно, как в народной медицине, так и в фармацевтической промышленности.

Но мало кто знает, что другие виды этого рода растения применяют в качестве сборов, эффективно воздействующих на заболевания желудочно-кишечного тракта. Основным составляющим таких сборов является Девясила британский (*Inula britannica*).

Его химический состав мало изучен учеными постсоветского пространства, но ученые КНР, активно практикующие народную медицину, подробно изучили фитохимический состав Девясила британского, однако о показателях доброкачественности, как и о минеральном составе информации не было.

Целью исследования являлось определение показателей доброкачественности и минерального состава Девясила британского с целью его стандартизации и оценки перспектив разработки на основе Девясила британского новых индивидуальных высокоэффективных фитопрепаратов.

Объектом исследования являлись подземные и надземные части Девясила британского, заготовленного в Райымбекском районе Алматинской области в 2015 году.

Сырьё было заготовлено и стандартизировано в соответствии с требованиями Государственной Фармакопеи РК. Влажность сырья не превышает 9,00%, общая зольность - 1,00%, сульфатная зольность – не более 0,3%, сумма выделяемых экстрактивных веществ в 50%-ом этиловом спирте – не более 3%. Исходя из качественного анализа, было выявлено, что в Девясиле британском содержатся в большом количестве эфирное масло (цветки), полисахариды (корни), фенолы, фенолокислоты и флавоноиды (трава, корни), аминокислоты, а также повсеместно содержатся каротиноиды.

Анализ минерального состава данного вида растений показал, что корни хорошо вбирают в себя железо, цинк и кальций, из чего следует что действующим началом Девясила британского, как и Девясила высокого являются полисахариды.

Обнаруженное, благодаря качественному анализу сырья, содержание инулина позволяет сделать вывод, что корни *Inula britannica* могут использоваться для его получения, так же как и его родственник *Inula helenium*.

**АЛМАТЫ ӨҢІРІНДЕ ӨСЕТИН *ATRAPHAXIS L.* ӨСІМДІГІНІҢ  
ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ**

**Мақсатова Г.Е.**

**Ғылыми жетекші: х.ғ.к. Үмбетова А.К.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

[gudo-94@mail.ru](mailto:gudo-94@mail.ru)

Жұмыстың мақсаты - *Atraphaxis l.* өсімдігінің құрамындағы биологиялық белсенді заттарды анықтау.

Зерттеу обьектісі - *Atraphaxis l.* түкімдасына жататын *A. pungens* өсімдігі.

*A. pungens* биіктігі 20-50 см болатын қатты тармақталған тікенді бұта. Тастьы, ұсақ тастьы, шөлді бөктерде, төмпешік, далалық жерлерде өседі. *A. pungens* өсімдігі Батыс Сібір, Шығыс Сібір, Алтай, Орталық Азия, Тарбағатай баурайында кездеседі.

Химиялық құрамы: жапырағында флавоноидтар мөлшері 4,81-20,55%. Флавоноидтар саны ғұлдеген кезде көп, ал жеміс беретін кезде азырақ болады. Ғұлшоғырындағы флавоноидтар саны 18,6-19%, жемісінде 7,83-8,1%.

*A. pungens* өсімдігінің құрамындағы биологиялық белсенді заттар анықталып, сапалық және сандық сараптама жүргізілді. *A. pungens* өсімдігінің ылғалдылығы 5,9%, экстративті заттар: суда-21,9%, 50% спиртте-21,06%, 70% спиртте-17,66%, күлділігі-7,52% (кул қалдығынан атомды-абсорбционды спектроскопия әдісі арқылы макро-микроэлементтер анықталды).

*A. pungens* өсімдігінің құрамында аминқышқылдарды газ-сұйықты хромотография (ГСХ) анализатор жасау арқылы жиырма амин қышқылы анықталды, оның ішінде басымдылығы артқан глютамат, аспаратат қышқылдары болып шықты. Ал мөлшері жағынан ең азы оксипролин мен орнитин қышқылдары.

Газ-сұйықты хромотография анықтамасы арқылы 7 май қышқылы: миристин қышқылы ( $C_{14:0}$ ), пальмитин қышқылы ( $C_{16:0}$ ), пальмитоолеин қышқылы ( $C_{16:1}$ ), стеарин қышқылы ( $C_{18:0}$ ), олеин қышқылы ( $C_{18:1}$ ), линол қышқылы ( $C_{18:2}$ ), линолен қышқылы ( $C_{18:3}$ ) бар екені белгілі болды.

Одан бөлек, газ-сұйықты хромотография әдісімен өсімдіктің липофильді құрамы анықталды және нәтижесінде 26 зат белгінді.

Сонымен қатар, флюориметриялық және спектрофлюориметриялық әдістердің сәйкесінше әдістемелерімен А, Е, С витаминдерінің сандық құрамы белгілі болды.

**ИЗУЧЕНИЕ ГЕКСАНОВОГО КОНЦЕНТРАТА *SUAEDA SPLENDENS*  
СЕМЕЙСТВА *CHENOPODICEAE***

**Маужигунова Е.Н., Визуэтэ Кастро П.**

**Научные руководители: к.х.н., доцент Литвиненко Ю. А.,  
д.х.н., проф. Бурашева Г. Ш.**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы*  
[mauzhigunovaekaterina@mail.ru](mailto:mauzhigunovaekaterina@mail.ru)

Поиск новых биологически активных препаратов из растительного сырья является очень актуальным направлением в фармацевтической химии. В отличие от синтетических препаратов, фитопрепараты имеют следующее преимущество: в одном экстракте из одного растительного объекта могут содержаться БАВы с различными биологическими активностями. Поэтому очень важно найти растения, которые могли бы стать источниками данных фитопрепаратов.

В результате проведенных исследований, представители рода *Suaeda* семейства *Chenopodiceae*, такие как *Suaeda microphilla*, проявляет иммуностимулирующую, антиоксидантную и антидиабетическую активности, *Suaeda vera* – фунгицидную, антибактериальную и антиоксидантную, а *Suaeda spicata* - фунгицидную и антибактериальную.

На основании вышеизложенного, более глубокое изучение химического состава представителей рода *Suaeda* семейства *Chenopodiaceae* и препаратов, полученных на их основе, представляет значительный научный интерес.

Целью исследования являлось изучение химического состава гексанового концентрата, полученного из надземной части *Suaeda splendens*.

Объектом исследования являлся гексановый концентрат, полученный из надземной части *Suaeda splendens*, которая была собрана в период цветения в области Льйда, Испания в июле 2015 г.

Методами непрерывного экстрагирования гексаном, концентрирования и очистки был получен концентрат из *Suaeda splendens*. Затем гексановый концентрат был изучен методом хромато-масс-спектроскопии.

Таким образом, в *Suaeda splendens* идентифицированы: 1-гексадеканол, Е-15-гептадецинил, дигидрофталат н-гексадекановой кислоты и 1-нонадекен.

Изучение растения рода *Suaeda* семейства *Chenopodiceae* нами продолжается на кафедре.

**KOCHIA PROSTRATA ӨСІМДІГІНІҢ ҚҰРАМЫНАН  
БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ КЕШЕН АЛУ**

**Нағашыбаева А.С., Алжанбаева А.М., Сейтимова Г.А.**

**Ғылыми жетекшісі: х.ғ.д., проф. Бурашева Г.Ш.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

[nagashybaeva.aizada@mail.ru](mailto:nagashybaeva.aizada@mail.ru)

Қазақстан флорасы алуан түрлі өсімдіктерге бай, бірақ солардың көпшілігі осы уақытқа дейін медицинада өз орнын тапқан жоқ, сондықтан жаңа биологиялық белсенді кешен тауып, оны отандық медицинаға ұсыну – өзекті мәселе.

Қазақстанда кең таралған *Chenopodiaceae* (Алабұта) тұқымдасына қазіргі уақытта үлкен қызығушылық артуда. Кохия өсімдігінен ерте заманнан бері халық емшілері асқазан-ішек ауруларын емдеуге, өт айдайтын дәрі есебінде, құйғенді және тері ауруларына дәрі ретінде қолданылады.

Зерттеу нысаны – Оңтүстік Қазақстан облысынан 2015 жылдың қыркүйек айында жеміс берген кезде жиналған *Kochia prostrata* өсімдігінің жер үсті бөлігі.

Зерттеулер үшін *Kochia prostrata* өсімдігінің әртүрлі пайыздары (30%, 50% және 70%-ды сулы–этанол) сулы – спиртті сығындыларының екі жүйелі қағазды хроматография мен ЖҚХ көмегімен сапалық құрамы зерттелді. Зерттеу нәтижесінде 70%-ды сулы - этанол сығындысының (шикізат:экстрагент - 1:6, экстракция уақыты – 3 күн (72 сағат), бөлме температурасы) құрамында ББ3 -дың мөлшері көп екені анықталды. Осы сығынды гексан, дихлорметан, этилацетат және бутанол еріткіштерімен өндөлді. Нәтижесінде 4 экстракт алынды.

*Kochia prostrata* өсімдігіне фитохимиялық зерттеулер мемлекеттік фармакопеядағы XI әдістемелік нұсқаулар бойынша анықталды. Нәтижесінде келесі мәліметтер алынды: ылғалдылығы –7,12%; экстрактивті заттар – 37,4%; күлділігі –8,62%; сапониндер –2,39%; бос органикалық қышқылдар –0,22%; флавоноидтар – 1,8%; алкалоидтар –0,31%; тері илегіш заттар –2,17%; кумариндер – 0,004 %.

Атомды – абсорбционды спектроскопия әдісімен *Kochia prostrata* өсімдігінен алынған күлдің құрамынан минералды заттар анықталды, нәтижесінде: калий (K) – 1388,55 мкг/мл, натрий (Na) – 4056,85 мкг/мл, кальций (Ca) – 218,32 мкг/мл; темір (Fe) – 36,1618 мкг/мл, марганец (Mn) – 4,2261 мкг/мл, никель (Ni) – 0,2666 мкг/мл, мыс (Cu) – 0,9695 мкг/мл, цинк (Zn) – 0,9695 кг/мл, қорғасын (Pb) – 0,9057 мкг/мл, кадмий (Cd) – 0,2353 мкг/мл, магний (Mg) – 228,144 мкг/мл.

Зерттеу жұмысы жалғасуда.

**ТИКЕНҚУРАЙ «CIRSIUM ARVENCE» ӨСІМДІГІНІҢ АМИН  
ҚЫШҚЫЛДЫҚ ЖӘНЕ БЕЛОҚТЫҚ ҚҰРАМЫ**

**Нұсіпәлі С.Қ.**

**Ғылыми жетекшісі: х.ғ.к., доцент Бажықова К.Б.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*[symbat\\_nusipali@mail.ru](mailto:symbat_nusipali@mail.ru)*

Қазақстанның барлық аумағы өсімдік ресурстарына өте бай. Осы ресурстар мемлекетіміздің экономикасының қарқында дамуында үлкен рөл атқарады. Өзінің экономикалық, шаруашылық, фармацевтикалық маңызы зор болғандықтан өсімдік ресурстары бүгіндегі көптеп зерттелуде. Қазақстанның өсімдік шикізаты қаншалықты көп болса, соншалықты зерттелмей, әлі күнге дейін химиялық құрамы белгісіз өсімдіктер өте көп кездеседі.

Осындай емдік қасиеті бар өсімдіктің бірі - тікенқурай (бодяқ) өсімдігі.

Тікенқурай өсімдігі ғалымдар назарынан тыс қалған, бірақ та халық емінде, сондай-ақ кейбір тағамдарда қолданылатыны әдеби деректерден белгілі.

Тікенқурай – *Sonchus Compositae* немесе *astra–Asteraceae* – күрделілігүлділер тұқымдасына жатады.

Зерттеуге алынған өсімдік шикізатынан аминқышқылдарын анықтау үшін газ-сұйықты хроматография әдісі қолданылды. Газ хроматографиялық анализ үшін жаңағы екі қабатты сұйықтықтың жоғарғы бөлігін (этилацетатты бөлігін) алады. Газ-хроматографиялық анализді Италияның «Карло Эрба» атты газ хроматографында жүргізілді.

Аминқышқылдарын бөлу үшін өлшемі 400/3 мм, 20 м 0,31% карбовакс, 5 орт 0,28% силар және WA-W-120-140 және 0,06 % хромосорбтың полярлы қоспасымен толтырылған тотықпайтын құрыштан жасалған колонка қолданылды.

Материалдарды статистикалық өндөу ЭВМ ДВК-3-те жүргізілді.

Тікенқурай өсімдігі құрамындағы амин қышқылдарының мөлшері: аланин-602, глицин-254, валин-248, лейцин-365, изолейцин-280, треонин-228, серин-298, пролин-567, метионин-96, аспаратат-1080, цистин-42, оксипролин-1, фенилаланин-302, глутамат-2116, орнитин-1, тирозин-325, гистидин-268, аргинин-406, лизин-194, триптофан-69 мг/100г.

Белок мөлшері Къельдаль әдісімен анықталды.

Әдіс органикалық заттардың концентрлі күкірт қышқылы қатысында қайнатқанда ыдырауына негізделген.

Нәтижесінде белок мөлшері 14,85% екендігі анықталды.

Сонымен, тікенқурай «*Cirsium arvense*» өсімдігінен алынған фитопрепараттың құрамын зерттеу және алу жұмыстары әлі де анықталып, зерттеліп жатыр.

**ШАРАП ӨНДІРІСІНЕҢ КЕЙІНГІ ЖҰЗІМ ҚАЛДЫҒЫНАН  
БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ КЕШЕН АЛУ ЖОЛЫН ЖАСАУ**

**Олжабек А.А.**

**Ғылыми жетекші: х.ғ.д., проф. Бурашева Г.Ш.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Алматы қ.,*

*Қазақстан Республикасы*

*Arman\_1995g@mail.ru*

Қазіргі таңда қалдықсыз өндіріс пен экологиялық таза өндіріс мәселесі қатаң қаралуда. Республикамызда жұзім өнімдерін өңдеу 2010 жылдан бастап аса ірі қарқында жүзеге асуга, сонымен қатар жұзім сұрыптары көп көлемде егіліп, аудандастырылған. Елімізде жыл сайын шамамен 7 мың литр шарап өндіріледі және жуықтап алғанда 15 мыңга жерге жұзім егіліп, өсіріледі. Осыншама көлемде пайдаланылған жұзім шарап өндірісінен кейін қалдық есебінде сыртқа тасталынады, тек біраз бөлігі ғана өнделеді. Осы қалдықты тиімді пайдалану өзекті мәселе болып отыр.

Біз жұзім тұқымдасына жататын жұзім жемісінің (*Vitis*) шарап өндірісінен кейінгі қалдығын зерттедік. Жұзімнің 70-ке жуық түрі бар. Қазақстанда ең көп қолданылатыны дақылдық жұзім (*Vitisvinifera*). Құрамында антоциандар, май қышқылдары, аминқышқылдар, стильбендер, пектиндер, витаминдер бар. Тыныс жолдары мен ас қорыту жолдары ауырған кезде жалпы медицинада (ЖМ) және халық медицинасында (ХМ) қолданады. Дақылдықжұзім (*Vitisvinifera*) қалдығынан әртүрлі фитопрепараттар, тыңайтқыштар және құстарға арналған комбикорм алуға болады.

Жұмыстың мақсаты, Алматы облысындағы шарап өндірісінен кейінгі жұзім қалдығының құрамын зерттеу, соның негізінде ауыл шаруашылығына қажетті кешен ұсыну.

Жұмыстың мақсатына жету үшін, бірінші, жұзім қалдығын кептіріп, ұнтақтап, оның шынайылығы анықталды, қағазды хроматография көмегімен сапалық құрамы белгілі болды. Зерттеу нәтижесінде дақылдық жұзім (*Vitis vinifera*) қалдығының құрамында аминқышқылдар, май-, органикалық қышқылдар, дәрумендер, макро- және микроэлементтер, flavonoidтар, антоциандар, сапониндер бар екені анықталды.

Дақылдық жұзім (*Vitis vinifera*) өндіріс қалдығына жүргізілген өсімдік шынайылығы: ылғалдылығы 5,37%, күлділігі 9,01%, экстрактивті заттар 16,8% болды. Сонымен қатар, биологиялық белсенді заттар мөлшері: органикалық қышқылдар 0,46%, кверцетин негізінде flavonoidтар 4,32 %, проантоциандар 35,7%. Сондай-ақ, А дәрумені 0,05 мг/100гр, В дәрумені 0,6 мг/100гр, С дәрумен 8 мг/100гр екені анықталды.

Дақылдықжұзім (*Vitisvinifera*) қалдығы қазіргі уақытта әлі де зерттелуде және оның биологиялық белсенді кешенін алу жолы жасалуда.

**ЖАЛПАҚСТАҒАНША ШӨЛМАСАҚ ӨСІМДІГІНІҢ ЖОҒАРҒЫ  
БӨЛІГІНЕҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ АЛУ ЖОЛЫН  
ЖАСАУ**

**Омарова А.Т., Әлімхан М.Б.**

**Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент Женіс Ж.**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

[t.a.omarova@list.ru](mailto:t.a.omarova@list.ru)

Өсімдік қайнарынан алынатын жоғары эффективті фитопрепараттар мен денсаулық сақтауда пайдаланылатын табиғи өнімдер қаҳіргі жаһандану заманында, елімізде үлкен сұранысқа ие.

Жалпақстағанша шөлмасақ – ерінгүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. *Eremostachys* тегінде жер шарында 7 түрі бар, ал қазақстан флорасында 2 түрі сипатталған.

Зерттеу нысаны: Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданында өсетін *Lamiaceae* тұқымдасына жататын жалпақстағанша шөлмасақ өсімдігінің жер үсті бөлігі.

Бұғынгі күні зерттекге 2015 жылы тамыз айында Шығыс Қазақстан облысы Зайсан өңірінде жиналған жалпақстағанша шөлмасақтың жер үсті бөлігінің сапалық және сандық құрамы анықталып биологиялық белсенді кешен алу үшін тиімді жағдайлар қарастырылды. Жалпақстағанша шөлмасақ өсімдігі жер үсті бөлігінің ылғалдылығы 13,7%, күлділігі - 12%. Экстрактивті заттар құрамы – 23,9% (80% этил спирті), 42,17% (50% этил спирті), 54,7% (30% этил спирті). Алынған мәлімет бойынша, биологиялық белсенді заттардың максималды экстракциясы 30% этил спиртінде жүзеге асады.

Макро – микроэлементтердің мөлшері атом – абсорбционды спектрометр көмегімен шөптің құрамында калий, марганец, темір, кальций мөлшері көп еkenі айқындалды. *Eremostachys moluccelloides* өсімдігінің жер үсті бөлігінің құрамында 2 бос аминқышқылдары бар еkenі дәлелденді

